

## Аудан әкімі А. Смайыловтың ҚР Тәуелсіздік күнімен құттықтауы

### Құрметті бұландылықтар!

1991 жылғы 16 желтоқсан – төл тарихымыздағы мерейлі белес. Бұл – егемен ел болуды аңсаған ата-баба арманы ақиқатқа айналған ұлы күн.

Тәуелсіздік күнінің айрықша мән-мағынасы бар. Азаттық үшін арпалысқан ұлт перзенттерін ел жадында мәңгі сақтау – қасиетті парызымыз. Олардың отаншылдық қасиеті – бүгінгі және болашақ ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге.

Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Бәріміз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мемлекетіміздің егемендігін, еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығын қорғау – әр азаматтың қастерлі борышы.

Біз ауқымды саяси және экономикалық реформаларды қолға алып, елімізді жаңғыртудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Бұл бастамаларды табысты жүзеге асыру – әрқайсымыздың қолымызда.

Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!  
Қазақстанымыз өркендей берсін!  
Қасиетті Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!



## Құрметті жерлестер!

Аудандық мәслихаттың депутаттық корпусының атынан және өз атымынан сіздерді ұлы және маңызды мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

16 желтоқсан - бұл біздің еліміз бостандық, тәуелсіздік және өркендеу жолында маңызды қадам жасаған күн. Бұл күн тек саяси тәуелсіздіктің ғана емес, ұлттық бірліктің, рухани күштің және барлық қазақстандықтар үшін жақсы болашаққа ұмтылыстың символына айналды.

Тәуелсіздіктің бүкіл кезеңінде Қазақстан көптеген қиындықтарды жеңді, бірақ халықтың бірлігі, басшылардың даналығы мен әрбір азаматтың табандылығының арқасында біз түрлі салаларда елеулі табыстарға қол жеткіздік. Біздің еліміз әлемдік аренада барған сайын танымал бола түсуде, экономика нығайып келеді, мәдениет, ғылым, білім және медицина дамуда.

Осы мереке күні әрбір қазақстандыққа денсаулық, бақыт және амандық тілеймін. Біздің Отанымыз жыл сайын табысты және күшті бола отырып, дамуын жалғастыра берсін. Үйлерімізде әрқашан махаббат, құрмет және өзара түсіністік орнасын.

**Құрметпен, аудандық мәслихат  
төрағасы Н. СЕКСЕНОВ.**

\* \* \*

## Уважаемые земляки!

От имени депутатского корпуса районного маслихата и от себя лично поздравляю вас с великим и значимым праздником – Днем Независимости Республики Казахстан!

16 декабря – это день, когда наша страна сделала важнейший шаг на пути к свободе, независимости и процветанию. Этот день стал символом не только политической самостоятельности, но и национального единства, духовной силы и стремления к лучшему будущему для всех казахстанцев.

В течение всего периода независимости Казахстан преодолел множество трудностей, но, благодаря единству народа, мудрости руководителей и стойкости каждого гражданина, мы достигли значительных успехов в различных сферах. Наша страна становится все более узнаваемой на мировой арене, укрепляется экономика, развиваются культура, наука, образование и медицина.

В этот праздничный день хочу пожелать каждому казахстанцу здоровья, счастья и благополучия. Пусть наша Родина продолжает развиваться, становясь с каждым годом все более успешной и сильной. Пусть в наших домах всегда царят любовь, уважение и взаимопонимание.

**С уважением, председатель районного  
маслихата Н. СЕКСЕНОВ.**

## Жалынды жастар – жарқын болашақ

Айдана Сейтмұратқызы Болатхан еріктілер қозғалысы мен қоғамдық қызметті дамытуға қосқан белсенді үлесі үшін Бұланды ауданы әкімінің Алғыс хатымен және естелік мүсіншесімен марапатталды.

Сонымен қатар, Айдана Ақмола облысы әкімінің өзара кездесуінде модератор болып, жастармен өңір басшылығы арасында жоғары кәсібилік пен сенімді диалог жүргізуді көрсетті. Оның еңбегі, бастамашылдығы және еріктілікті дамытуға деген ұмтылысы өскелең ұрпақ үшін жарқын үлгі болып табылады.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**



## Еріктілер – қоғамның қозғаушы күші

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығында Халықаралық еріктілер күніне арналған еріктілерді салтанатты марапаттау

рәсімі өтті.

Осы ерекше күні Бұланды ауданының әкімі А. Д. Смайылов белсенділерге ауданның дамуына

қосқан баға жетпес үлесі, халыққа көмек және әлеуметтік бастамаларға қатысқаны үшін шын жүректен алғысын білдірді. Ең белсенді және бастамашыл еріктілер өздерінің игі істерін мойындауды білдіретін грамоталар мен естелік мүсіншелермен марапатталды.

Мерекелік атмосфера, алғыс сөздер мен шынайы эмоциялар іс-шараны жылытып әрі шабыттандырды. Еріктілер қозғалысы өсіп, бей-жай қарамайтын адамдарды біріктіруді жалғастыруда, бұл әркімнің игі іске үлес қоса алатынын дәлелдейді.

Барлық еріктілерді мерекемен құттықтаймыз! Күш-қуатыңыз, мейірімділігіңіз және әлемді жақсы жаққа өзгертуге деген ұмтылысыңыз үшін рахмет.

**Бұланды аудандық жастар  
ресурстық орталығы.**



## Желтоқсан: тарихи баға



Әр ұлттың тарихындағы кейбір елеулі оқиғалар сол халықтың болашағына түбегейлі өзгеріс жасап, келешек тағдырын айқындап береді. Қазақтың басынан өткен сондай тарихтың бірі – Желтоқсан көтерілісі. Тәуелсіздіктің алғашқы отыз жылдығында осы бір тарихи толқудың саяси мәнін төмендетіп жай ғана «оқиға» деп санайтындар да аз болған жоқ. Десе де Желтоқсандағы дүмпу КСРО-ның күйреуінің бастауы болғанын халық жақсы біледі.

1986 жылдың 16-18 желтоқсан күндері Алматы қаласында қазақ жастары бас көтеріп, алаңға шығып, кеңестік тоталитарлық жүйенің шешімдеріне қарсылық көрсетті. Бұл саяси оқиғаға саясаттанушы, заңгер, тарихшылар тарапынан әлі тұшымды баға берілген жоқ. Желтоқсан дүмпуіне қатысты ресми баға берілмесе де, халық ол оқиғаны ұлт-азаттық көтеріліс деңгейінде сипаттап, тәуелсіздікке ұмтылған дүбірлі күндер жөнінде көркем туындылар туғызып, ғылыми шығармалар жазып үлгерді. Яғни кеңестік кезеңде бүкілодақтық баспасөз беттері алаңға шыққан жастарды «бұзақылар», «арамтамақтар», «қоғамға жат элементтер», «нашақорлар», «шектен шыққан ұлтшылдар» деп

қаралап, олардың әрекетін қанша «оқиға» деп атағанымен, кеңестер одағының шаңырағын шайқалтқан шындықты жасырып қалу мүмкін болмай қалды. Адам құқығын қорғау жөніндегі Хельсинки тобы бұл оқиғаны азаттыққа ұмтылған ұлттың «толқуы» ретінде таныды.

1986 жылғы оқиғаны бүге-шегесіне дейін зерттеу мақсатында Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының арнаулы комиссиясы құрылып, ұзақ

және жемісті еңбегінің нәтижесінде біраз дүниенің беті ашылды. Мұхтар Шаханов басқарған комиссия да Желтоқсан құбылысын «толқу», «қақтығыс» деп бағалап, жоғарыда аталған Хельсинки тобының пікірін бекітті.

Белгілі журналист Қайыммұнар Тәбейұлы Желтоқсан көтерілісін Ресей тарихындағы 1825 жылғы Декабристер бүлігімен салыстырып, алғаш рет оқиғаға қатысты

«көтеріліс» терминін пайдаланды.

Қостанай педагогика институтының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Аманжол Күзембай 1986 жылғы Желтоқсандағы жастардың бас көтеруіне қатысты «Желтоқсан толқуы», «Желтоқсан оқиғасы», «Желтоқсан көтерілісі» сияқты ұғымдарды пайдаланып келе жатқанымызды тілге тиек етіп, Әбіш Кекілбаевтың тұжырымына тоқтау керек екенін айтады.

«Әбіш Кекілбаев бұл оқиғаны 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліспен салыстырып, «Орталықтың озбырлығы ұлттық болмысты түгелімен шайқап жаңа сапалық өреге көтергені үшін 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасын «көтеріліс» деп те тануымыз керек. Себебі оқиға ұйымдастырылмағанымен, бүкіл бір ұлттың азаттыққа деген ұмтылысын байқатып, мемлекеттің тағдырын алдын ала анықтап бере алды» деген байламға келген», деп санайды А. Күзембай.

Ә. Кекілбаевтың Желтоқсанның мәртебесін анықтауға қатысты айтқан пайымына қарап, біз де бұл оқиғаны «көтеріліс» деген тұжырымға келгеніміз дұрыс іспетті. Осы тақырыпқа алғашқылардың бірі болып қалам тартқан – кәсіби тарихшы, академик Манаш Қозыбаев еді.

**(Жалғасы 2 бетте).**

# ЕГЕМЕНДІК – ЕЛДІГІМ, ТӘУЕЛСІЗДІК – ТЕҢДІГІМ

## Желтоқсан: тарихи баға

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Ол 1986 жылғы Желтоқсандағы дүмпуге қатысты: «1986 жылдың 16-18 желтоқсанында Қазақстанның астанасында болған қанды шайқас халқымыздың тарихына тоң-тоң болған шері мен мұңы бар, қатпар-қатпар сыры бар күндері болып мәңгі хатталды», деп жазды.

Ғалым осы бір тарихи құбылыстың шындығының толық ашылмау себептеріне де тоқталды.

«Біріншіден, бейбіт демонстрацияға, манифестацияға шыққан шын мәніндегі реформатор ұрпақтың өкілдерін қанға бөктіруге қатысқандар – әлі арамызда. Екіншіден, жүйе алғашқы жылдары Желтоқсан қозғалысына байланысты негізгі деректерді құртып үлгерді. Үшіншіден, 1986 жылғы Желтоқсан проблемасын зерттеуге тарихшылар, қоғамтанушы ғалымдар әлі араласқан жоқ. Өйткені фактілер жиналып, одан оқиға, оқиғалардан құбылыс, құбылыстардан тарихи заңдылық өрбіту үшін уақыттың ұзаруы керек», деді ол.

Манаш Қабашұлы шығармасында қозғалыс пен көтеріліс анықтаушытарын қатар пайдаланған.

Осы қозғалыстың ең басты зерттеушісі және 2016 жылы Астанада өткізілген «Қазақстандағы Желтоқсан (1986) көтерілісінің тарихи және халықаралық маңызы» конференциясын ұйымдастырушысы, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, заң ғылымының кандидаты Сабыр Қасымов сонау 1996 жылы өткен «Желтоқсан-86-ның» он жылдығына арналған бірінші ғылыми-практикалық конференцияда бұл тарихи құбылысқа «көтеріліс» деген толықтай ғылыми анықтама берді. Осы пікірін газет тілшілеріне берген сұхбаты мен мақалаларында бірнеше рет қайталады. Ол Желтоқсанға тек құқықтық баға мен қорытынды

беріп қоймай, сонымен қатар маңызды саяси танымдық ұсыныстар мен тұжырымдамалар жасады. Мысалы, ол «Желтоқсан» феноменін жастардың көрсеткен жаппай батырлығы және отансүйгіштік сезімнің ең жоғары деңгейі деп есептейді. Сайып келгенде Желтоқсанның сол бір ызғарлы күндерінде халқымыз, оның ішінде қазақ жастары бостандыққа ұмтылудың жан аямас серпілісін көрсетті. Қазақ жастарының ызғарлы желтоқсан кезіндегі ерлігі туралы жазбаған газет журнал жоқ шығар. Ондаған ғылыми конференциялардың тақырыбына айналды.

Мәскеулік билік қазақ қоғамын басқару, сондай-ақ оның қоғамдық өмірін түбегейлі қайта құру ісін бүтіндей өз міндетіне ала отырып, оны жүзеге асыратын жоспары да болмады, оған ниет те білдірмеді. Орталықтың мұндай күрделі іске дайын еместігін көп ұзамай өмірдің өзі көрсетіп берді. 1929–1932 жылдары Қазақстанда кеңестік реформалық шараларға қарсы 372 қарулы бас көтерулер, көтерілістер кеңестік биліктің негізсіз реформаларына қарапайым халықтың көрсеткен қарсылығы еді. Кезінде 1920 жылы 17 мамырда Ахмет Байтұрсынұлы Ленинге жолдаған хатында кеңес өкіметінің орталық пен жергілікті халық арасында өзара сенім орнықтыра алмай отыр деген ойды ашық білдірген. 1986 жылғы 17-18 желтоқсан күндері Алматыдағы орталық алаңда және



бүкіл ел көлемінде болып өткен қанды қақтығыстар мен толқулар кеңес өкіметі мен қазақ ұлты арасында өзара сенімсіздіктің қанша жылдар өтсе де сол күйінде қалғанының нақты айғағы.

Қазақ жастарының көтерілісі елімізге сырттан әкелінген басшының орыс болғанына ғана емес, Қазақстанның мемлекеттік, ұлттық мүддесінің ескерілмегенінен туындады. Мұны 17 желтоқсан күні шеруге шыққан жастардың қолдарына ұстаған «Ешқандай ұлтқа ешқандай артықшылық болмасын», «Ұлт саясатының лениндік ұстанымын сый-

лауды талап етеміз» деген ұрандар айғақтайды.

Желтоқсан көтерілісі – кеңестік Қазақстан тарихында ерекше орын алатын бетбұрысты кезең. Бұл – ұлттық рухтың жаңғыру, қайта түлеу үдерісінің басы, ұлт-азаттық қозғалысының жаңа сатыға көтерілгені. Бұл халықтың дүниетанымына, өміріне әсер етіп, ұлттық сананы өсірді, азаттыққа ұмтылысты жандандырды.

Желтоқсан көтерілісі Қазақстанды жаңа әлемдік кеңестікке алып шықты. Батыстың демократиялық күштері кеңестік тоталитаризмнің зорлық-зомбылығын айыптады. Желтоқсан көтерілісі одақ көлемінде жалғасын тапты. Одақтың құлдырауына, ыдырауына әкелді. Одақтас республикалардың мемлекеттік егемендігін жариялануына мол мүмкіндік берді. Тбилисиде, Бакуде, Вильнюсте, Ригада, Сумгайтите және басқа қалаларда тоталитарлық

жүйеге қарсы оқиғалар өрбіді. Осылайша, біздің Желтоқсан республика шеңберінен шығып, еуразиялық сипат алды. Жоғарыда аталған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар Польшаның Қазақстандағы бұрынғы елшісі Владислав Соколовский, Түркиядағы Эрджис университетінің профессоры Абдулкадир Ювалы, Мажарстанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті Андраш Барани «Көтеріліске қатысушыларды билік аяусыз қудалаумен бірге азаптап түрмеге жапты. 1986 жылы желтоқсанда

Алматыда сондай жағдай болды. Желтоқсан көтерілісі – соның дәлелі» деген тұжырым жасады және олар бірауыздан өздері қабылдаған Қарарда қазақ жастарының әрекетіне көтеріліс деген анықтама берді.

Аталған конференцияға қатысушы тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжанов Желтоқсан көтерілісін: «Иә, Желтоқсан көтерілісі ұлт тарихының қастерлі де қасиретті беттерін жазды. Ол ғасырларға созылған отарлау мен тоталитарлық зорлық-зомбылықтан қазақ халқының сүрінсе де жығылмағанын, өршіл рухты азаттықты аңсайтынын барша әлемге паш етті. Ол ұлт мұраты мен мүддесінен, жер мен елді сақтаудан биік ешқандай құндылықтың болуы мүмкін еместігін дәлелдеді. Желтоқсан халықтың ұйытқысы да, қорғаны да өз ортасынан шығатынына көз жеткізді», деп сипаттайды.

Әрине, кеңестік кезеңде қазақ ұлтын талай мәселе ойландырған. «Неге мен ана тілімде білім ала алмаймын? Неге қазақ мектептері аз? Неге қазақ тілі өмірдің қолтеген саласында қолданыстан ығыстырылған?» деген сияқты сауалдар тоталитарлық билікке қарсы наразылық туғызғаны белгілі.

Қазір қазақтың тарихы ұлттық көзқараста жаңаша жазылу керек деген талап қойылып жатыр. Ендеше, Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты бұрмаланған фактілерді қайтадан зерделеу, жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді қайта қарап, тарихи бағасын беру, желтоқсаншылардың мәртебесін анықтау сияқты мәселелерді қолға алып, бір шешімге келетін уақыт жетті. Ұлттық маңызы бар осындай мәселеде самарқалық пен салғарттыққа жол беруге болмайды.

**М. БАЙҒАЗИН, Қазақстанның құрметті журналисі.**

## Ауыл Әйелдері Форумы: Бірлік, Даму және Болашақ

Өткен аптада Ақмола облысының Ақкөл ауданында еліміздің ауыл әйелдерін біріктірген маңызды оқиға – «Ауыл Әйелі: Бірлік. Даму. Болашақ» атты республикалық қорытынды форум өз мәресіне жетті. Шара Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, «Ауыл» партиясы және Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Форумға еліміздің барлық өңірінен 400-ге жуық қатысушы жиналып, ауыл әйелдерінің экономикалық және әлеуметтік әлеуетін арттыру бағытында пікір алмасты.

Форум жұмысы ауыл шаруашылығы өнімдері, отандық өндіріс тауарлары, қолөнер туындылары ұсынылған көрмеден басталды. Қатысушылар ауыл кәсіпкерлерінің еңбегімен, олардың жаңа өнімдері мен технологиялық шешімдерімен танысуға мүмкіндік алды.

Ашылу салтанатында Ақмола облысы әкімінің орынбасары Алтынай Әміренова және ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерболат Саурықов құттықтау сөз сөйледі. Ерболат Байұзақұлы ауыл әйелдерінің қоғамдағы рөлінің артып келе жатқанын айта отырып, олардың кәсіпкерлігін қолдау бағытындағы заңнамалық жұмыстар жалғасатынын атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Сүлеймен ауыл әйелдерінің әлеуетін ашу – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты екенін айтты. «Ауыл» партиясы төрағасының орынбасары Қуаныш Сейтжанов ауыл әйелдерінің бастамаларына жан-жақты қолдау көрсету партия жұмысының негізгі басымдықтарының бірі екенін жеткізді.

Форум барысында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, әлемге танымал әнші Димаш Құдайбергннің ата-анасы Қанат және Светлана Айтбаевтар да қатысушыларға жүрекжарды тілектерін жолдады.

Пленарлық сессияда ауыл әйелдерінің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту, олардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыру, ауылдық аумақтарда жаңа технологияларды енгізу мәселелері талқыланды. «TechnoWomen» қауымдастығының мүшесі, кәсіпкер Фаля Ора-

залинова жасанды интеллект пен цифрлық шешімдердің ауылдағы бизнеске қосар үлесі туралы айтып берді. «QAZAQ UY» ЖШС директоры Алтынай Тәңірбергенова ұлттық киіз үй өндірісін заманауи тәсілдермен үйлестіру тәжірибесін таныстырды. Сонымен қатар Юлия Барсукова мен Жұма Нұрғалиева ауыл кәсіпкерлігінің табысты үлгілерін бөліссе, депутат Ләззат Сейткереева қазақ әйелінің қоғамдағы маңызын ерекше атап өтті.

С ұ р а қ - жауап сессиясынан кейін қатысушыларға отандық дизайн ерлер дайындаған ұлттық нақыштағы киімдер коллекциясынан дефиле ұсынылды. Форум аясында қонақтар «Smart Aqkol» технологиялық хабы мен Республикалық ғарыштық байланыс орталығында да болып, өңірдің цифрлық мүмкіндіктерімен танысты.

Форум қорытындысында ауыл әйелдеріне жүйелі қолдау көрсетудің, ауыл кооперациясын дамытудың, экспорттық әлеуеті бар бастамаларды күшейтудің маңыздылығы атап өтілді. Ақкөлде өткен бұл форум ауыл әйелдерінің жаңа мүмкіндіктерге қадам басуына, тәжірибе алмасуына және өз әлеуетін ашуға серпін берген маңызды алаң болды.

Форумға Бұланды ауданының делегациясын құраған ауданымыздың және қоғамның әр түрлі саласында белсенділік танытып жүрген нәзік жандылар қатысты.

**Ақмола облысының ішкі саясат басқармасының ақпараты бойынша.**

## Женское единство укрепляет развитие и ведет к будущему

«Ауыл әйелі: Бірлік. Даму. Болашақ» - под таким названием в городе Акколь Акмолинской области состоялся Республиканский форум сельских женщин, собравший на единой диалоговой площадке активных представительниц прекрасного пола со всего региона.

Организатором масштабного мероприятия выступили Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при

Министерством национальной политики. Выступающие отметили, что Форум сельских женщин - крупная площадка для обсуждения устойчивого развития села, поддержки женского предпринимательства, повышения качества жизни и роли женщин в АПК, где участницы делятся опытом и ищут пути решения проблем в сфере сельского хозяйства и социальной жизни.

В ходе пленарной сессии экспертами и представителями успешного бизнеса была раскрыта основная тема: «Расширение социальных-экономических прав и возможностей сельских женщин: основная ключ к региональному развитию». Выступления затронули тему значения искусственного интеллекта и цифровых решений в развитии женского предпринимательства, сочетания национальных традиций и современные технологий в бизнесе, а также вопрос трудолюбия и высокого общественного статуса казахской женщины.

Изыюминку в работу Форума внесла программа дефиле национальных нарядов и работ казахстанских дизайнеров. Также вниманию гостей была организована экскурсия в технологический хаб «Smart Aqkol» и Республиканский центр космической связи, где были продемонстрированы цифровые решения «умного города» и современными коммуникационными возможностями региона.

Здесь же была представлена выставка сельскохозяйственной продукции, товаров отечественного производства и изделий ремесленниц.

Одним словом, Форум стал хорошей площадкой для обмена позитивной женской энергией, зарождения новых идей и демонстрации лучших проектов, реализуемые представительницами прекрасного пола.

Без сомнения, смысловым стержнем, невидимой красной нитью мероприятия стала главная мысль: сельские женщины действительно особенные - неутомимые труженицы, стойкие, сильные и волевые. Они привыкли быть полезны обществу и по-другому не могут.

**К. МЕНДЫБАЕВА, депутат Акмолинского областного маслихата, делегат Республиканского Форума сельских женщин.**



Президенте Республики Казахстан, Акимат Акмолинской области, партия «Ауыл».

С приветственными словами выступили заместитель акима Акмолинской области Алтынай Байкадамова Амренова и депутат Мажилиса Парламента РК Ерболат Байұзақович Саурыков. Уважаемые гости Форума – Член Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан, заместитель руководителя Центрального аппарата партии «Ауыл» Айгерим Сарсенбаева, заместитель председателя партии «Ауыл» Қуаныш Сейтжанов и почетные деятели Казахстана, родители известного во всем мире певца Димаша Құдайбергнана Канат и Светлана Айтбаевы – выступили с приветствиями и словами поздравле-

# РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

## Поздравления работников прокуратуры с профессиональным праздником



На прошлой неделе в стране работники прокуратуры отметили свой профессиональный праздник. Прокуратура занимает особое место в системе государственной власти. Этой сфере конституционно уполномочено вести высший надзор за соблюдением законности и быть на ее страже, также возложено служить на благо Родины, защищать права и свободы гражданина, интересы государства и общества.

С целью оказать внимание в праздничный день посетил прокуратуры Буландынского района и района Биржан сал и лично поздравил руководителей органов прокуратуры профессиональной датой, вручив прокурору Буландынского района Амиру Омарову Почётную грамоту от председателя Президиума НПП «Атамекен» Раимбека Баталова, прокурору района Биржан сал Ануару Кулушеву Благодарственное письмо от директора Палаты предпринимателей Акмолинской области Еркната Мусылманбека.

Выражаю искреннюю благодарность за совместную работу, поддержку предпринимателей и активное участие в решении вопросов бизнеса на местах. Желаю дальнейших успехов в службе, крепкого здоровья и профессиональных достижений!

**О. ЕРКЕБАЕВ, директор Буландынского филиала Палаты предпринимателей Акмолинской области.**



Творчество читателей

## К юбилею родного города!

Город Макинск район Буландынский,  
Казахстана один из сынов.  
Чтим мы волю народа, единство,  
Чтим свободу парящих орлов.  
Край наш очень богатый лесами,  
Грибы, ягоды здесь собирай.  
Изобилует также полями,  
Что богатый дают урожай.  
Землемер по фамилии Макин  
Землю здесь для крестьян нарезал.  
Уже позже, в веке двадцатом,  
Город имя себе его взял.



## Қауіпсіз және салауатты ортаны қалыптастыру мақсатында

Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы Бұланды ауданының әкімдігі және ішкі істер бөлімімен бірлесе отырып, нашақорлық пен есірткінің заңсыз айналымымен күресу мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Аталмыш жұмыс аясында полиция қызметкерлерімен бірге ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының алдын алу шараларын



жүргізіп, ақпараттық парақшалар таратып және халықпен есірткіні тұтынудың зияны туралы пікірталас жүргізіп, сонымен қатар есірткі бизнесіне қатысқаны үшін жауапкершілік жайында тілге тиек етуде. Мұндай іс-шаралар халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға және ауданда қауіпсіз және салауатты ортаны қалыптастыруға бағытталған.

**Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.**

## Мы – против детского насилия в семье и в обществе

В Модельной детской библиотеке проведен информационный час «Мы - против детского насилия в семье и в обществе». В мероприятии участвовали учащиеся 7 «А» класса школы-гимназии. Специалист библиотеки рассказала о профилактике насилия в обществе, формировании у молодежи чувства человечности и взаимного уважения, а также пропаганде ценностей мирной и безопасной жизни. Для участия во встрече была приглашена педагог-психолог Эсет Исмаиловна Цыздоева. В ходе мероприятия был продемонстрирован видеоролик «Жизнь без насилия — залог светлого будущего», раскрывающий основные аспекты, проблемы и подчеркивающий необходимость уважительного отношения друг другу. После просмотра ведущая задала психологу несколько вопросов, связанных с особенностями поведения детей в трудных ситуациях, а также с методами защиты и алгоритмом действий в случае угрозы. Психолог провела разъяснительную работу, рассказав детям, как правильно обращаться за помощью в трудной ситуации и как важно уметь защищать свои права. Специалисты библиотеки подготовили для ребят анкету-опросник «Знаю ли я о детском насилии и как себя защитить?». Дети активно обсуждали вопросы, обсудили виды насилия, делились своими впечатлениями и получали индивидуальные рекомендации. В завершение мероприятия ведущий провел обзор

книжной выставки «Стоп насилию в семье», где были представлены тематические издания, рассказывающие о правах ребенка и важности уважительного отношения в семье и в обществе. Встреча завершилась фотосессией.

**Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.**



## Вода – жизненно важный фактор

Качественная питьевая вода – это вода, не содержащая примесей, вредных для здоровья человека. Она должна быть без запаха и цвета и безопасна при длительном ее употреблении. Она должна быть практически свободна от микроорганизмов, должна быть аппетитной и вкусной и не иметь посторонних запахов. Вся наша жизнь очень тесно связана с водой. Она задействована во всех процессах жизнедеятельности человека, не говоря уже о том, что человеческий организм на 80% состоит из воды. Именно по этой причине наше здоровье напрямую зависит от воды, которую мы употребляем. Вода – важнейший фактор формирования внутренней среды организма и в то же

время один из факторов внешней среды. Там, где нет воды, нет жизни. В воде происходят все процессы, характерные для живых организмов, населяющих нашу Землю. Недостаток воды приводит к нарушению всех функций организма и даже гибели. Уменьшение количества воды на 10% вызывает необратимые изменения. Тканевой обмен, процессы жизнедеятельности протекают только в водной среде. Вода принимает активное участие в так называемом водно-солевом обмене. Процессы пищеварения и дыхания протекают нормально при достаточном количестве воды в организме. Велика роль воды и в выделительной функции организма, что способствует нормальному функциониро-

ванию мочеполовой системы. Велика роль воды и в процессах терморегуляции организма. Она участвует, в частности, в одном из важнейших процессов – процессе пототделения. Нормы водопотребления определяются в зависимости от качества воды характера водоснабжения, состоянием организма, характера окружающей среды, температурно-влажностного режима, характера работы. Таким образом, совершенно очевидна потребность нашего населения в качественной питьевой воде. Это позволит сохранить здоровье миллионов людей.

**К. АЛПЫСБАЕВА, лаборант бактериолог Буландынского районного отделения филиала РГП на ПХВ «НЦЭ» КСЭК МЗ РК по Акмолинской области.**

## 20 суток административного ареста за нарушение Закона

Буландыньским районным судом рассмотрено административное дело в отношении 18-летнего жителя города Макинска, который 28 ноября 2025 года, не имея права управления транспортным средством, управлял автомашиной марки «Газель» по улице Богембай Батыра в состоянии алкогольного опьянения тяжелой степени и допустил столкновение с автотранспортным средством марки «Мерседес», причинив материальный ущерб. Постановлением суда гр. К. признан виновным по статье 608 части 6 КоАП и ему назначено наказание в виде административного ареста на 20 суток. Кроме того,



судом вынесено частное постановление для привлечения к административной ответственности собственника автотранспортного средства, индивидуального предпринимателя города Макинска, допустившего к управлению гр. К. транспортным средством, а также для принятия мер (рейды, проверки и т.д) со стороны Буландынского РОП по обеспечению безопасности дорожного движения автотранспорта по перевозке пассажиров в Буландыньском районе.

**Ж. КЕМБАЕВА, главный специалист Буландыньского районного суда.**

# ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ – ПОСЛАНИЕ В ДЕЙСТВИИ

## Адамгершіліктің ақ туын көтерген қоғамдағы белсенді топ

Еріктілер – бос уақытын қоғамның игілігіне жұмсайтын адамдар тобы. Еріктілердің ақысыз жұмысын көруге болатын қызмет салалары шынымен де сан алуан. Оны әрбір саладан және түрлі бағытта көруге болады.

Мәселен, мұндай адамдар қоғамдық аумақтарды тазалауға, әлеуметтік компаниялардың плакаттары мен кітапшаларын таратуға, туған қалалары бойынша экскурсиялар жүргізуге, халықаралық шараларда аудармашылық қызметке септігін тигізе алады.

Сонымен қатар, еріктілер көбінесе балалар және қарттар үйіне қолғабыс етіп, апаттық жағдайлардың салдарын жою жұмыстарына белсене ат салысады.

Жалпы, ерікті болу дегеніміз – бұл энергия мен жан жылуың қоршаған әлеммен бөлісу, атқарылған жұмыстың маңыздылығын түсіну, адамдарға мереке, қамқорлық, кейде өмір беру, сонымен бірге нәтижеден шынайы ләззат алу.

Мерекенің пайда болу тарихы және тойлау дәстүрі

Халықаралық еріктілер күні Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен 1985 жылдан бері тойланып келеді. Бұл мереке халықаралық мәртебеге ие және көптеген елдерде атап өтіледі.

Мысалы, әлемнің көптеген елдерінде 2001 жылы жарияланған Халықаралық еріктілер жылында үкіметтер мен БҰҰ еріктілікті қалай

қолдайтыны туралы түрлі ұсыныстарды қабылдады. Өйткені, еріктілер – қоғамдық өмірдің барлық саласына орасан зор үлес қосып жүрген адамдар және бұл назардан тыс қалмауы тиіс.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілер бағдарламасы (UNV) жыл сайын мерекені тек БҰҰ еріктілерінің ғана емес, сонымен қатар, дүние жүзіндегі барлық еріктілердің тынымсыз еңбегін мойындау және ынталандыру үшін үйлестіреді. Дүние жүзілік еріктілер декларациясында олар өздерінің талантын, уақытын және күш-қуатын ешқандай сыйақы күтпей-ақ, жеке және ұжымдық әрекеттерге арнауға құқылы екендігі айтылған.

Жыл сайын БҰҰ-ның 8 мың еріктісі бүкіл әлем бойынша ең қиын жағдайда жұмыс істейді. Мәселен, БҰҰ-ның 13 мың еріктісі қашықтан әрекет ете отырып, UNV онлайн желісі бойынша 20 мыңнан астам тапсырманы орындайды. Айта кетсек, пандемия кезінде еріктілер жанқиярлықпен жұмыс істеп, көптеген адамдарға медициналық жәрдем көрсетуге мәжбүр болды. Соның ішінде,



науқастарға, қарттарға және мүгедектерге ерекше көмек көрсетілді.

Қазақстан да назардан тыс қалмай, соңғы жылдары еріктіліктің тұрақты өсуіне куә болды. 2016 жылы Қазақстан волонтерлік қызметтің тұрақты және жүйелі дамуына жол ашатын волонтерлік заң қабылдады. Ал 2019 жылы Тоқаев 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жария-

лап, Қазақстанға волонтерлік қызмет қажет екенін атап өтті. Мерекені атап өту барысында, ол 2020 жылдың 8-ші желтоқсанында «Еріктілер жылының» ресми жабылу салтанатына қатысты:

«Еріктілік болу – нағыз патриотизм. Мен бұл жылды «еріктілер жылы» деп жарияладым. Өзіміздің еріктілерімізді мақтан тұтамын және олардың

орасан зор жұмысы үшін, әсіресе пандемия кезінде, үлкен алғыс білдіремін. Еріктілік – бұл уақытша науқан емес, бұл біздің он мыңдаған азаматтарымыздың әрекеті. Еріктілік жылы жастарымыздың шынайы асыл қасиеттерін көрсететін ерекше жыл болды. Сондай-ақ, бұл жанашырлық, жауапкершілік және қамқорлық уақыты», – деп түсіндірді Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы «Еріктілер жылында».

Жалпы, ерікті болу – қиын және кейде шаршататын, бірақ әрқашан ризашылық білдіретін, жауапты жұмыс. Сондықтан, бұл күні бүкіл әлем бойынша еріктілерді құттықтап, құрметтеп, осы игі еңбекті насихаттайтын адамдарға ерекше ілтипат білдірген жөн. Бұдан бөлек, осы күнге орай ұйымдастырылған еріктілер қозғалысы әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді жүзеге асырудың маңызды тетігі болып табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы еріктілердің бейбітшілік пен дамуға қосқан үлесін нақты тақырып негізінде зерттейтін еріктілер жұмысы туралы есепті үш жыл сайын шығарады.

Сондай-ақ, еріктілер орындайтын жұмыстың 70%-ы ешбір ұйыммен байланысты емес. Мұндай жұмыстар бейресми сипатқа ие және қарапайым халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған.

Бұдан бөлек, волонтерлік адамдармен тұрақты байланыста болуға және стресс пен депрессиядан қорғайтын сенімді қолдау жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл күн еріктілерге қауымдастық, үкіметтік емес ұйымдар және БҰҰ ұйымдары деңгейінде жиналып, өз жұмыстарын атап өтуге, тәжірибелерімен, құндылықтарымен бөлісуге және өздері туралы сөз қозғауға септігін тигізеді.

Айта кетейік, волонтерлер күні дамуға және адамзатқа пайда әкелуге ниет білдірген шығармашыл адамдарды қолдауға бағытталған бұқаралық іс-шаралармен, флешмобтармен, байқаулармен қатар жүреді. Қайырымдылық концерттері мен мерекелік кештер міндетті түрде ұйымдастырылады. Бұл күні әркім жақсылық жасауға, көршісіне көмектесуге және ерлік жасауға ұмтылады.

**inbusiness.kz.**

**Суретте:** Халықаралық Еріктілер күніне орай марапатталған ауданымыздың белсенді ерікті жастары және қоғамдық бастамаларға тұрақты түрде атсалысатын сала мамандары.

## АУЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК БИІК МАҚСАТТАРҒА ЖЕТЕЙЛЕЙДІ

«Дипломмен – ауылға»

«Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы мыңдаған отандастарымызға ауылдық елді-мекендерде тұрақты жұмыспен қамтылуға, бағдарламаның шеңберінде көтерме жәрдемақы және тұрғын үйге бюджеттік кредит беру түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары және өзге де жеңілдіктерді пайдалануға орасан мүмкіндік бергені аян. Бағдарламаның басты мақсаты – ауылдық жерлердегі кадр тапшылығын жойып, еліміздің алтын бесігі аталатын қазақтың киелі ауылдарына жастарды тартып, күлдендіру. Тәрбие тал бесіктен бастау алады десек, сол талдың иіліп тал бесікке айналар орны ауыл екені белгілі. Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, барлық үлгі-өнегенің көрінісі ауылдан басталады. Демек, адами

құндылықтардың негізі ауылдық тәрбиеде десек, қателеспейміз. Сондықтан, қаладан білім алып, маман атанған жастардың өз еркімен ауылға келіп жұмысқа орналасуы – керемет маңызы бар батыл да, патриоттық қадам деп айтсақ қателеспейміз.

Ал осынау аясы кең, ауқымды «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламаның қатысушысының бірі – Никольск ауылының Мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушы қызметін атқарып жүрген Айзада Жырғауқызы.

Айзада – Ақмола өңірінің тумасы, 1995 жылдың 31 шілдесінде дүниеге келген. 2007 жылға дейін Ақмола облысының Ерейментау ауданы Сілеті ауылында білім алған. 2008 жылы Айзада отбасымен еліміздің басты қаласы – Астанаға қоныс аударып, орта білімін жалғастырып, 2012 жылы Астана қаласының № 55 мектебін аяқтады. 2012–2016 жылдар аралығында Астана қаласының «Қазақ технология және бизнес»

университетін тәмамдап, 2017 жылы алғаш еңбек жолын Астана қаласының Республикалық трансфузиология ғылыми өндірістік орталығында бастаған еді.

Қыз баланың бұл өмірдегі маңызды миссиясы – өз теңің тауып, ару келін, аяулы ана атану. Осылайша, Айзада қаладан диплом алып, мамандығы бойынша жұмысын атқарып жүргенде, тағдырдың жазуымен Никольск ауылына келін болып түсті. Бірлігі жарасқан бақытты отбасында екі қыз дүниеге келіп, қазіргі таңда Айзада жолдасымен бірге қол ұстасып, балаларының болашағы үшін еңбектеніп, алдағы күндеріне зор сеніммен қарайтын жас отбасы.

Бала күтімі бойынша демалыстан кейін Айзада еңбек жолын жанына ыстық болып кеткен Никольск ауылында жалғастыруға бел буып, 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Бұланды аудандық Мәдениет Үйіне қарасты Никольск ауылының Мәдениет үйінің

мәдени ұйымдастырушы қызметін атқаруда. Жастайынан өнерге, мәдениетке жақын болған Айзада жұмысты бірінші күндерден бастап деңгелетіп алып кетті. Ауылда өтетін мәдени іс-шараларды үлкен жауапкершілікпен ұйымдастырады. 2024 жылы өткен өңірлік «Жыл үздігі-2024» патриоттық байқауына қатысқан Айзада Жырғауқызы авторлық өлеңін оқып, ақындық өнерін паш еткен еді.

Ауылым – алтын бесігім деп жүрегі адал соғатын әрбір елдің тұрғыны үшін ауылдың гүлденіп, қанат жайып, қарыштап дамығаны көңілге нұр сыйлайды. Әрбір жан ауылдың тұрмысы мен тіршілігі, мәдениеті мен хал-жағдайының жақсаруына қолдарынан келгенше үлес қосқаны да абзал. Себебі, ауыл күйзелсе, халық өмірі жақсармайды. Ал алтын бесігіміз – қазақ ауылдарының тұтқасы – білімді де өнегелі жастардың қолында екені сөзсіз.

Ал біз Елорданың жарқыраған



төрінен келіп, шалғайдағы ауылда тұрмыс құрып, мемлекеттік бағдарламаға қатысып, еңбек етіп жатқан жас маман Жырғауқызы Айзадаға зор денсаулық, шығармашылық табыс, сарқылмас шабыт пен үлкен жетістіктер тілейміз! Әр қадамыңызға нұр жаусын, ауылдағы маман!

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Бұлағынан су ішіп Бұландының...

Бұлағынан су ішіп Бұландының, Тарқатылсын көңілден бір ән бұрым. Мен Жырғаудың қызымын содан болар, Кейде ұстап қалады жыраулығым. Алқалаған ааыын мойын бұрсын, Ақын қыздың жан болса ұзар жырын. Мұндай кезде қалайша жәй қаласың, Алқынасың, тасынып, ойланасың. Танымайтын адамдар танып алсын, Ару қызы Жырғаудың Айзадасын. Алла қалап алдыңа шығып қалдым, Өнге бөлеп ауылдың айналасын. Қай кезде де қатарға қоссам дедім, Көрсемдағы қазақтың қай баласын. Бұландының туған соң бауырында, Тектілердің ізімін анығында. Мәдениетке қызмет етсем дедім, Никольск дейтуғын ауылында. Жақсы көрген жұмысым болғаннан соң, Қабылдадым жеңіл, ауырын да.

Біздің ауыл ешкімнен қалыс қалмай, Желмен жүйткіп жүреді жарысқандай. Білім менен білекті қатар алып, Болашақ пен бүгінгі тоғысқандай. Еркелеген қыздары еліктейін, Жігіттері апайтөс арыстандай. Құдай берген маңдайға несіппенен, Көңілімнен жауқазын көшіпті өлең. Еңбек еткен осынау үш жылында, Абыроймен ортамада өсіп келем. Туған ауыл, туған ел көркейсе деп, Үлесімді тамшыдай қосып келем. Шабыт алса ұласып шырқаулары, Өсіп жатыр елімнің ұлтандары. Ақиқатты дәлелмен келтірейін, Біздің ауыл ондайдан бұлтармады. Жас батырдан екінші орын алған, Нұрсұлтандай шығуда сұлтандары. Жақсылардың жүрген соң ортасында, Жақсы көрем елімнің тау-тасында.

Бұландының аруы атанған соң, Мен бекерге келмедім жалпы осында. Алақанда ақуын аялайтын, Бәрі, бәрі жұртымның арқасында. Бірің ақын болған соң, бірің батыр, Мәдениет тек алға жүріп жатыр. Балуан Шолақ бабамның ізін жалғап, Кіші Қажымұқандар шығып жатыр. Керек десең Абайды жатқа айтады, Ұлы ақынды ұл-қызы біліп жатыр. Қариялар қазығы берекенің, Көңілдері білеміз кең екенін. Дәл соларды ұлықтау біздің міндет, Бар кезінде бақытқа тең етемін. Бірлік күні тағы бар, алғыс күні, Бәрін атап өтеміз мерекенің. Бағындырып арманның шың құздарын, Елемейміз тағдырдың күллі ызғарын. Баулысақ деп өнерге біздер жүрміз, Осы ауылдың ең мықты ұл-қыздарын.

Құанамыз әр басқан қадамына, Шығарамыз Ақмола жұлдыздарын. Жеңіс күні тағзым қып бабаларға, Үлгі етеміз тарихты бар адамға. Наурызды тойлаймыз думандатып, Ат қосамыз ел болып аламанға. Елге осындай мереке сыйлаған соң, Елде біздің еңбекті баалауда. Содан кейін ден қойып «Таза ауылға», Ынтымағы жарасқан елдің ғана, Берекесі қайнайды қазанында. Міндет қылып көрмеге бір ісімді, Әділ қазы бағалар дұрысымды. Көңіл қойып тыңдаған елге рахмет, Жүрек бүгін жауқазын жыр ұсынды. Айлық үшін қызмет атқармаймын, Жан тәніммен жасаймын жұмысымды.

Болашаққа болсын деп келіп ісім, Арқаладым ел-жұрттың өтінішім. Айқын мақсат алдымда қойылып тұр. Арманым қалаған жету үшін. Жігерімді осында жанып келдім, Жеңілсем де жоқ, сірә өкінішім. Білім емес бірінші мінез керек, Ұлтқа адал қызмет ету үшін. Әдебиет пен мәдениет қос қанатым, Санасы бар адамға дос болатын. Жалақыға жұмыс істеп жүргендер көп, Тәуекелге баруға жасқанатын. Атың дардай болғаны кімге керек, Артыңда із қалмаса еске алатын.

**Никольск ауылының мәдени ұйымдастырушысы Жырғауқызы Айзада**

# ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ – ПОЛЕЗНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

## Құрметті Бұланды ауданының тұрғындары!

«Ақмола облысы Бұланды ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгерту туралы» 2025 жылғы 27 қарашасындағы № 8С-23-6 Ақмола облыстық мәслихатының шешіміне және 2025 жылғы 27 қарашасындағы № А-11/615 Ақмола облысы әкімдігінің бірлескен қаулысына сәйкес келесі өзгерістер енгізілгенін хабарлаймыз:

Қараөзек ауылдық округінің Еруслановка ауылы:

- басқа қоныстар санатына жатқызылды;
- есептік деректерден шығарылды;
- оның аумағы Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округінің Байсуат ауылының құрамына енгізілді.

Еруслановка ауылы:

- Байсуат ауылының әкімшілік қарауынан, Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округінің әкімшілік бағынысына берілді.

Никольск ауылдық округінің Ұлтуған ауылы:

- басқа қоныстар санатына жатқызылды;
- есептік деректерден шығарылды;
- оның аумағы Бұланды ауданы Никольск ауылдық округінің Никольск ауылының құрамына енгізілді.

Ұлтуған ауылы:

- Никольск ауылының әкімшілік қарауынан, Бұланды ауданы Никольск ауылдық округінің әкімшілік бағынысына берілді.

Новобратск ауылдық округінің Добровольное ауылы:

- басқа қоныстар санатына жатқызылды;
- есептік деректерден шығарылды;
- оның аумағы Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округінің Буденовка ауылының құрамына енгізілді.

Добровольное ауылы:

Буденовка ауылының әкімшілік қарауынан, Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округінің әкімшілік бағынысына берілді.

Новобратск ауылдық округінің Красносельское ауылы:

- басқа қоныстар санатына жатқызылды;
- есептік деректерден шығарылды;
- оның аумағы Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округінің Буденовка ауылының құрамына енгізілді.

Красносельское ауылы:

- Буденовка ауылының әкімшілік қарауынан, Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округінің әкімшілік бағынысына берілді.

Капитоновка ауылдық округінің Балуан Шолақ ауылы:

- басқа қоныстар санатына жатқызылды;
- есептік деректерден шығарылды;
- оның аумағы Бұланды ауданы Капитоновка ауылдық округінің Капитоновка ауылының құрамына енгізілді.

Балуан Шолақ ауылы:

- Капитоновка ауылының әкімшілік қарауынан, Бұланды ауданы Капитоновка ауылдық округінің әкімшілік бағынысына берілді.

Капитоновка ауылдық округінің Пушкино ауылы:

- басқа қоныстар санатына жатқызылды;
- есептік деректерден шығарылды;
- оның аумағы Бұланды ауданы Капитоновка ауылдық округінің Капитоновка ауылының құрамына енгізілді.

Пушкино ауылы:

- Капитоновка ауылының әкімшілік қарауынан, Бұланды ауданы Капитоновка ауылдық округінің әкімшілік бағынысына берілді.

Құрметпен, Бұланды ауданының әкімдігі.

## Уважаемые жители Буландынского района

Сообщаем вам, что в соответствии с совместным решением Акмолинского областного маслихата № 8С-23-6 от 27 ноября 2025 года и постановлением акимата Акмолинской области № А-11/615 от 27 ноября 2025 года «Об изменении административно-территориального устройства Буландынского района Акмолинской области» произведены следующие изменения:

Село Еруслановка Караозекского сельского округа:

- отнесено к категории иных поселений;
- исключено из учетных данных;
- его территория включена в состав села Байсуат Караозекского сельского округа Буландынского района.

Село Еруслановка:

- передано из административного подчинения село Байсуат в административное подчинение Караозекского сельского округа Буландынского района.

Село Ултуған Никольского сельского округа:

- отнесено к категории иных поселений;
- исключено из учетных данных;
- его территория включена в состав села Никольское Никольского сельского округа Буландынского района.

Село Ултуған:

- передано из административного подчинения село Никольское в административное подчинение Никольского сельского округа Буландынского района.

Село Добровольное Новобратского сельского округа:

- отнесено к категории иных поселений;
- исключено из учетных данных;
- его территория включена в состав села Буденовка Новобратского сельского округа Буландынского района.

Село Добровольное:

- передано из административного подчинения

